

**Ізбамбетова Гүлнар Наженқызы**

# **Тағдырымның тараулары**

## Алғы сөз

«Атадан – осиет, анадан – қасиет»

Қасиетті сыр өнірінде Қамбаш деген көл бар. Жағасында қаптап өскен пішеннің көптігінен кезінде Қамысты бас деген атау кенес дәуірінде Қамшлы баш, бертін келе Қамбаш деп өзгертілген болса керек. Қамбашты "Кіші Швейцария" деп атап кеткен Байқонырға келетін шетелдіктер ол жерге жиі демалысқа барып тұрады. Кезінде осы өнірді мекендеген Қарадөң би, Қарқар, Аймолда, Қорен, Ізмағамбет аталарымыз туралы ел ішінде аныз болып таралып кеткен әңгімелер әлі күнге ел аузында жүр. Қарадөң би атамыз тілге бай, сөзге шебер, әділдігімен дәйім жұртты аузына қаратқан Сыр өнірінің ақсақалы, әділ би болыпты. Өзімнің туған атам Ізмағамбет екі мешіт салдырып, бала оқытыпты. Өзі кітап жазып, бірақ сол үшін өмірі құғын-сүргінде өтіпті. Бүкіл Қамбаш тұрғыны, қала берді ескіден хабары бар көпшілік әлі күнге дейін "ақын атамның басына барып тұнеп қайтамыз" деп зиратына барып, мал сойып, құран оқытып келіп жатады. Атамның өз қолымен тұрғызған үйі, менің дүниеге келген үйім әлі күнге дейін бұзылмай, ауыл оратсында тұр. Заман өзгеріп, жаңа үйлер тұрғызыла бастағанда, бір де бір адамның ол үйді бұзуға қолы бармапты. Оған дейін иесіз қалған үйдің ішіне кіріп, ағаш-тасын бұзып алмақшы болған бірнеше адамның түсіне Ізмағамбет атам кіріп, алғанынды қалай тұрды, тап сондай етіп орнына кері апарып қой дегенде, "өлген адамға не керек, апарып қой деп" деген кертатпа сөз айтқан адамдар кесір айналдырып, бақылық болып, кейін бұл құр емес шығар деген ел ағалары үйді бұздырмай қалдырады. Атам қыстың қақаған аязында өмірден өтіпті. Ол кісінің денесін үйден алып шыққанда, тап үйдің бұрышынан аппақ ақку қиқулап ұша жөнеліпті. Бұны көзімен көрген халық: "Қыстың қақаған аязында не қылған ақку, бұл-ақын атамның аруағы ғой", - деп жорамалдапты.

Құні кешеге дейін осының бәрін естігенде, ертегідей көріп жүрдік. Қазір ауыл жұртты тұнде кеш қайтып, тоқ көзі болмай, ауылды қараңғылық басқанда, ақын атамның басынан шырақ жанып тұрады. Соны нысаналап, ауылға адаспай жетеміз дейді.

Кезінде Ізмағамбет атамыз жазған өлеңдері - барлық туындылары қолды болмау үшін, үйдің қабырғасын тұрғызғанда, бірге қосып қалап жіберген дейді. Оны тауып алу үшін талпынған талай адам тағы жақсы болған жоқ. Елбасының тапсырмасымен "Мәдени мұра" бағдарламасы бойынша талай шаруаны іске асырып жатқан азаматтар:

- Атаңыздың басына құран бағыштап, қан шығарып, мал сойып, аруағынан рұхсат сұрап, үйдің қабырғасынан кітаптарын тауып алуға келісімдерінізді беріп, бірге жүрініздер,- деп қолқа салды. Кезінде әкем: - Егер нәсіп етіп алам десен, саған ғана рұхсат берем, сенің бойында атаңнан қонған жақсы қасиетінің нышаны бар, - деген. Бірақ үлкен ағаммен ақылдақсанымда:

- Осы уақытқа дейін талайды мاشақатқа түсірген дүниені орнынан қозғағаныңа аруақ риза болмай, залалы тисе қалай болады?- деп рұхсат бермеді.

Мүмкін, ол болашақтың еншісіне тиесілі дүние болар. Оны уақыт көрсетеді.

Мен ол кісідегі қаламымның ұшқырлығын әзірге таныта алмаған шығармын, әйтсе де тағдырымның тарауларын шығармаларыма арқау еттім. Бәлкім, күндердің-күнінде бір жүректі селт еткізер. Тіпті болмаса, балаларыма жаксы ой тастар. Қалай болғанда да «өз сөзім өзімдікі». Оқыған адам керегін алар, керек етпегені – өзіме қалар...



# Тағдырымның тараулары

## Бірінші өлең



1992 жылдың қысында институтымыздан көптеген адамдар өз өмірлеріне жаңа өзгерістер енгізіп, басқа салаларға бетбұрыс жасап жатты. Соның бірі мен болдым. Арызыымды жазып, кафедра менгерушісінің алдына барғанымда Тілеусерік Әбішұлы қатты ренжіді: « Мінекей, тап бүгін ректораттан рұхсат келіп, сені көргенше асырып отыр едім. Сен енді аға лаборант емес, ассистент болып қабылдандың. Маған қазақ тілі бөліміне өзің сияқты екі тілді жетік менгерген адам ауадай қажет. Аяқ астынан қайда кетіп барасың, әлде төзімің таусылды ма?»

...Төрт баланың әкесі болған, ардақты жарына аса құрметпен қарайтын, пәк жүрегін кір шалмаған осынау арманышыл жанның әлі күнге дейін пәтер жалдап тұрып жатқанын көргенде, менің сан жаққа жүгірген ой-санам бір сәт дамыл тапастан, Сарыағаш ауданынан бір-ақ шығарды. Колхоздан арендаға жер алғып, егін егіп, жібек құртын бағып, дүкен ашып, бұл шаруалардың басында өзім ғана жүріп қоймай, қолдарында табақтай дипломдары бар бауырларымды да тарттым. Осы тұста алдымен ағалық танытқан сол кездегі Сарыағаш ауданының әкімі Асанғазиева Оразгүл апайымыз болды. Егер оқымаған болса, қалаған оку орнына жолдама берейік, аудан әкімшілігіне жұмысқа қабылдаймыз. Тап бүгін келсе, қол ұшымды беруге дайынмын деп колхоз басшысынан хабар жіберді. Бірақ қайнаған еңбекке кіріспін кетіп, бәрін тастап, қайта шегіну менің жоспарымда жоқ еді. Бертін келе бауырларыма басшылық етіп отырып, өзім сол жердегі Ақжар елді мекенінің Абылай хан мектебіне мұғалім болып орналастым. Әуелі жұмысқа ойланған қабылдаған мектеп директоры сабағыма қатысқаннан кейін; «Тфай-тфай, сіз тұбінде ете жақсы ұстаз боласыз. Ертеңнен бастап жоғарғы сынып мұғалімі болып ауысасыз», - деді. Ауыл өмірі белгілі ғой. Әңгіме болар жаңа тақырып табылып, қанқу сөз өрби бастады. «Бұл қайдан келген адам? Тірлігіне қарағанда, көп нәрседен хабары бар, ауылға сыйтын адам емес. Есік көрген бе екен? Әлде біреу әдейі жіберіп отыр ма екен?» Сұрақ көп-ак...

Күндердің күнінде күз келіп, сабан тойға да жеттік. Арасынан, танысып үлгерген ауылдың біршама адамдарын шақырып, бауырлышымен бірге ақ

дастарқанымызды жайдық. Сөз арасында көкейден шыққан сырымды домбырамен терме қылып теріп бердім. Бұл өлеңім сол кездегі таңырқай қарап, сан сұраққа жауап іздеген ауыл халқына арнаған жауабым еді:

Адамға бұл жалғанда адам керек,  
Қайтқан соң жалғыз ғана иман керек.  
Ағайын, көкірегінді соға көрме,  
Тұрса да мал мен мұлкің аспан тіреп.

Жігітке жаман болған жараспайды,  
Жаманға құдайың да қараспайды.  
Әділет, ақ жүректі, шыншыл болсан,  
Сонда сенен періштен де адаспайды.

Періштен жолдас болса жаман болмас,  
Малғұнның тілін алған адам оңбас.  
Жаманға шығын қылған сөзің жетім,  
Миына құйғаныңмен ақыл қонбас.

Қызымын кіші жүздің Жақайымы –  
Бекарыстан туып өскен Әлімұлы.  
Атадан бес ұл туып, арман қылып,  
Жаратқаннан тілеп алған тұңғыш қызы.

Атым Гүлнар, Нәжіммедин – әкем аты,  
Ізмағанбет ишан атам – ауыл қарты  
Соқтырып қос мешітті, заманында

Үйреткен кәләм шәріп құранына.

Біреуге женіл сөздің тиегімін,  
Тұсінгенге аттап өтпес киелімін.  
Улken-кіші сөзім тыңдал, бата беріп,  
Мен жүрген той-думанның жүрегімін.

Эн сал десе, халқым үшін ән саламын,  
Дос болсаң құшақ жая қарсы аламын.  
Дүшпан боп қарсы келіп, тоқтамасаң,  
Кек желкеден қыран құстай бас саламын.

Дастарқанға ағайын мен дос жинадым,  
Алғаш жазған өлеңіммен ән сыйладым.  
Гұл бітіп сыйлап келген қадамына,  
Әрқашан той тойлансын отанында.

Бұл өлең әлі талай жалғасады,  
Бақыттың арнасына ұласады.  
Күн туып тұсінетін ақ-қараны,  
Арманымыз ақ құс болып шыңға асады...

Менің тілегім орындалған тәрізді. Біршама уақыт өтіп, мен өмірімнің келесі сатысына аяқ бастым. Бір кездері арманымның желкені болған Ақжар елді мекені артта қалды. «Ауылды сәулелендіріп тұрған жарық шам тәрізді еді» деп тұрлі жылы лебіздерін білдіріп жіберіп жатқан ауыл адамдарының ақ тілектері ұзақ уақыт менің өмірімнің құнды нәріне айналды. Қанатымды қатайтқан сол бір елдің ардақ халқына алғысым мол.

## Зат мінезді адамдар



Қарадөн бидін ұрпағы, марқұм Ізбембет баласы Нәжмедден әкеміз тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін шебер келістіретін жан еді. Сол кісінің аузынан көп еститінмін: біреулердің ұлылығын, ұлken адамгершілігін, кеңшілігін көргенде, «зат кісі екен» деп қатты риза болып отыратын. Күндердің күнінде осы сөзді әкешіме бағыштап, сағыныш жолдарын жазармын деп дәл сол кезде ойламаппын.

Шіркін, қай-қайсымыз да тап сол кіслердің дархан мінезімен өз балаларымызды тәрбиелей білсек, жер бетінде мейір-шапагат та мол болар ма еді?..

Жаратушы құдірет менің бір уыс тарыдай несібемді шашып қалғанда, соның бір дәні Сарыағаш өніріне барып түскен болса керек. Несібемді тере, Алматыдағы Ауыл шаруашылығы институтынан кейін осы жерге келгенім ата-анамның көңілінен шыға қоймағаны белгілі. Эйтсе де ұлken сеніммен қарайтын әкем анатынан уайымын сейілтіп, менің арманымды қанаттандырды. Алдымен тапсырған аманаты: – «Көргенсіздің баласы» деген сөзді естіртпе, - деді. Әкемнің бұл өсietі менің өмірлік ұраныма айналды.

Онтүстіктің топырағы таяқ тықсан қөктейтін қасиетті жер ғой. Ерте көктемнен еңбек етсөң, күзде тойып емесің. Еңбегіміз елдің көзіне түсіп, жақсы сөздің бір ұшы ата-анамның құлағына жетіп жатты. Тағдыр қосып, сол жерден Ұлы жүздің Дулатынан қыз алып, құдандалы ел болдық. Тәрбиелі жердің есті қызы жақсы келін атанып, інім екеуі қарттардың қуанышына қуаныш қосты. Осының бәріне себепші деп санаған әке-шешемнің маған берген батасы шексіз болды. Батамен ел көгерер деген, қайда жүрсем де осы күнге дейін мен жүрген ортада жақсы адамдар өте көп болады. Сондай жақсының бірімен мен Сарыағаштың Ақжар елді мекенінде жолдас болдым. Ұлжан апа – өз ортасының мақтанышы, ауылдың бетке тұтар жандарының бірі, өз ісінің маманы – үздік дәрігер болды. Әкесі, Сырлыбай, кезінде Қазығұрт ауданының қаржы бөлімін басқарып, бертін келе колхоз басшысы болған.

Барды көріп, тегі тойып өскен Ұлжан апаның басындағы рухани тоқырау сол кездегі көп адамның басында бар еді. Екеуміздің арамызыдағы жолдастық апалы-сіңіллі татулыққа ұласты.

Бірде ол кісінің тік мінезіне қарсы келіп, орынсыз жазғырган бір адамға араша әділ сөз айтқаным үшін, ажырамастай досым ендігі жерде сөзімді тыңдамақ түгілі, берген сәлемімді де алмайтын болды. Осы уақытқа дейін бір-біріміздің отбасымызben араласып-танысып үлгерген ол кісінің ата-анасы менің әке-шешемді сұрап, жылы сөзін айтып жатады, ал менің әкем анам қайтқанда жанұшырып қасымда жүріп, демеу болған Ұлжан апамды үйге барған сайын сұрап сәлемін жолдайды. Эрине, болған жағдайды әкеме сездірмей, мен де жабулы қазанды жабық қуйінді қалдырыдым. Арада айлар өтіп, жылдар жетті. Бір күні болған жағдай әкемнің де құлағына жетті. Сондағы маған әкемнің берген ақылы: «Сенің бойындағы үлкен қасиетің осы – кешірімді бола біл. Сәлемінді алмаса да сәлемдес және менен сәлем айт», – деді.

Айтқанын істеп, сәлемімді қайта жалғастырып, әкемнің сәлемін айтқан күні, ол кісі сәл кідіріп, аузының ұшымен амандасқан кейіп танытты.

...Алақандай ауыл ішінде жаңалықтар тез тарайды. Қанатымды қатайтқан Ақжар елді мекенімен қош айтысатын күн жетіп, мен үйге жиналышп жатқанмын. Есікті лақтыра ашып, асығып үйге Ұлжан апам ентіге кіріп келді. «Бәрекелді, келгеніңіз қандай жақсы болды», – дегенім сол еді, бауырына қысып, ұнсіз ұзақ көз жасына бой берді. Маған «ұлылардың сынығындей биіксін» деп тұрған сол кісінің зат мінезі менің рухани дүниемнің қазына байлығын байыта түсті.

Тап осындей өзін жеңе білген қас жақсының қылышы мен менің осы биікте қалуыма тұрткі болған асыл әкемнің әділ-парасаты тағы бір өлеңімнің тақырыбына айналды.

### **Аңсау**



Дәм-тұз тартып Ақжар елді мекені –

Бір кез болды қиялымның желкені.

Ойда-жоқта құдаласып, қыз алып,

Жолдас болды кішісі мен үлкені.

От ауызды, дария ақыл қария-  
 Оймауыттың қарты болды Сырлыбай.  
 Ел сыйлаған мінезді де байсалды  
 Жолдас болым қызыменен Ұлжандай.

Куаныш пен қайғы қатар келгенде,  
 Санаспады, қатар жүрді бұл пенде.  
 «Бәрекелді, достан жолың болды», – деп,  
 Масаттанды әкем бірге көргенде.

Тіл өтті ме, көз өтті ме? Білмеймін.  
 Жансыздардың көзі өтті ме күндейтін?  
 Күніге кеш қимай тарқар ардақ дос  
 Берсем сәлем, болды мұлде сезбейтін.

Үйге келсем, әкем бәрін сұрайды –  
 Құда-жекжат, таныс-тамыр ауылды.  
 «Достың орны бөлек жанашыр болған,  
 Ұлжан апаң – бір тәбе» деп қарайды.

...Таныстықтың сегізінші күзі еді,  
 Көрмегелі көп айдың да жүзі еді.  
 «Ұлжан апаң аман жүр ма? Қандай?» – деп,  
 Сұрап жайын амандығын біледі.

Бұған дейін болған жайды жасырған,  
 Жайып салдым барлық істі басынан.  
 Бұлқан-талқан өксігімді баса алмай  
 Тұнып жаттым жанардағы жасымнан.

«Тоқта, балам, бұған, сірә, жылама,  
 Кешірімді бола білген күнә ма?!

Менен сәлем айтып бар да жалғастыр  
 Сәлемінді, жағдайын сұра да.  
 Күндер өтер, пендешілік аулақтар,  
 Кірбің кетіп, ойға пәктік қонқтар.  
 Зат еді ғой онды-солын танитын,  
 Кісілкті бойындағы аңғарар...»

Әке сөзін тыңдамаған жан бар ма?  
 Мынау неткен кішік жан деп таңданба.  
 Кездескенде сәлем айтып әкемнен,  
 Саулық айттым әлгі тәкәппар жанға.

Қысылды ма «әке» деген сөзімнен,  
 Өлде бір ой көрді ме еken көзімнен.  
 Болар-болмас ерні жыбыр қақса да,  
 Бірақ бір нұр байқап қалдым жүзінен.

...Күндер өтіп, елге қайтар күн келді,

Ауыл іші бұл ісімді білген-ди.

Ұмар-жұмар жиналумен жүргенде,

Ұлжан апам ентіге кіріп келді.

—Амансыз ба, енді сізге ырзамын,

Қандай жақсы болды мына қылғанын.

Ашу—дүшпан, пенделікке бой бермей,

Дұрыс болды-ау, биік болып қалғанын.

—Жауап қаттың кезінде бір шынға шын,

Екеумізге болды бұл бір үлкен сын.

«Ұлық болсаң—кішік бол» деп неге айтқан?!

Мен үшін сен мәңгі биік тұлғасын!

Әкең— талай ағалардың агасы,

Жазиралы жан еді бір анашың.

Бәрі осындай болса екен, пах, шіркін!

Дархан көніл қазағымның баласы.

Осыны айтып, құшағыма құлады,

Екі мұңлық шер тарқата жыладық.

...Жөнді білген, ақылды да асau жан

Сол күнгідей көз алдымда тұр әлі.

\*\*\*

P.S.

Тар пейілді, ойға сараң біреулер  
 Кішілікті місе тұтпай қарайды.  
 Бір-бірінің қолтығына су бүркіп,  
 Араз қылса–қатырдым деп санайды.

Тұске дейін бәйек болған жандарын,  
 Тұстен кейін катулана қарайды.  
 Сәлемінді алмақ түгіл, қаһары  
 Ядролық бомба орнына жарайды.

Осындайда үнсіз, ойша шағынам,  
 Жаратқанға шыдам бер деп жалынам.  
 Орның басар жан таба алмай, жан әке,  
 Үлжан апа – екеуінді сағынам...





## Қазақ деген қасиетті халқым бар!

Сол жылы ЛКСМ Орталық комитетін Серік Кондыбаев басқарып тұрды. Ол кісі маған міндettі түрде домбыранды және

қазақтың ұлттық киімін алып жүр деп тапсырды. Мен: - Ұлттық киімді алайын, бірақ домбыраны сіз алып жүрініз, - дедім.

Кеңес Одағы делегацияларының концерт беретін күні белгілі болды. Сәкен маған: - Ұлттық киімінді киіп шық, бүгін Кеңес Одағы жүлдyzдарымен бірге сахнаға шығасың, - деді. Бұған дейін Кузмин, Чепрага, Малежик сияқты әншілер артық мінез көрсетпей, баршамызбен бірге жүрді. Жалғыз Агузарова Ресей әншілеріне де жоламай, ерекшеленіп жүретін. Кенет менің қазақтың ұлттық киімі (аққу костюмін) киіп төменге түскенім сол-ақ еді, Агузарова мені бір айналып шығып: - Сен қайдан боласың? - деп сұрады. Мен өзімнің Қазақстаннан екенімді, үстімдегі ұлттымыздың киімі екенін айттым. Күніне жұз рет көрсе де көзіне ілмей жүрген "құрбым" таңырқай қарап: - Классно! - деп, бас бармағын көрсетті. Өз ұлттымың сұлулығын көрсете білген ұлттық қазына байлығымызға жалғыз мен емес, барлық қазақ делегациясы баладай қуандық. Себебі таңырқаған халықтың есебі жоқ, жан-жақтан суретке түсіріп, біздің делегаттармен достық тілінде тіл табысуға талпынып бағуда.

Тамашаның көкесі мен сахнаға шығар алдында болды. Мен әртіс емес, саяси делегат ретінде барып тұрмын. Сондықтан менің номірім ең сонында болды. Біздің делегацияны басқарған жетекші Корей жігіті менен туган елім туралы сұрады. Мен Қазақстан туралы айтқанымда, ештеңе түсіне қоймады. Алматы, Медеу деген сөздерім де ештеңе өзгерте қойған жоқ. Кенет менің Абай Құнанбаев, Мұхтар Әуезов дегенімді естігенде әлгі жігіт: - Ok, yes, Kazakhstan, - деп қоя берді. Өзінің Москвада оқып, сыртқы істер министрлігінде біршама уақыт жұмыс істегенін, Абай, Мұхтар туралы оқығандарын, олардың шығармасы бойынша қазақ халқының ұлттық нақыштарын білетіндігін және мен сахнада ән салған кезде қазақтың киіз үйі мен жанында ошақта қазақтың кара қазанымен тамақ пісіріп тұрған дәл менікіндей ұлттық киімдегі қазақ аруының бейнесі мен бесіктегі сәби суреттелген слайдтарды көрсетіп тұратынын айтты. Және айтқан кеңесі - шет елдіктерге өз елінді таныстырғың келсе, алдымен Абай, Мұхтар Әуезов деп айт, сонда олар сенің қандай тамаша дарындары бар Қазақстаниң туралы бірден түсінеді дегені,



көкірегімде өз ұлттыма, ұлттымның ұлы тұлғаларына деген мактандың сезімін оятып, тәбем көкке екі-ақ елі жетпей тұрды. Ал менің сахнаға ең соңынан шыққаным тіпті тамаша болды. Соңғы нөмірде сахнаға Одақтан барған бүкіл жұлдыздар бірге шығып, сахна төрінде қазақ ұлтына тән слайдтар көрсетіліп, барша елдің делегаттары қол соғып,

жан-жактан суретке түсіріп жатты. Ал көрермендер ортасындағы Серік ағай қазақ жастары мен ұлтының кереметтерін өзі ойлағандай жеткізе алдық дегендей қуанып тұрды.

Айналдым, байтақ елім - Қазақстан!  
Көк туын биік ұстап, шыңға асқан.  
Көк деген шексіздіктің белгісі ғой  
Сан ұлтқа кең қанатпен құшақ ашқан.



### Алғашқы кездесу



#### *Бала - ата-ананың ет-бауыры*

Апыр-ай, перзентхананың бірінші қабатынан екінші қабатына дейінгі жолдың мұнша ұзак боларын кім білген. Жансақтау бөлімінде ес жиғаннан кейін, тағы бір күннен соң балаңды қолыңа аласың дегелі, уақыт шіркін өтсейші. Санамдағы түпсіз ойдың шегі жок. Ең бірінші қорқыныш - басқа баламен ауысып кетпесе еken. Ал сонан кейінгі маңыздысы - ол мені қалай қабылдар еken...

Шіркін, оның кішкентай жүрегі дүниеге аман-есен келгенін естігенімде, қалай қуанғанымды сезе ме еken?..

- Гүлнар, көзінді аш, жарайсың, шекесі торсықтай ұл таптың. Сен мені естімісің? Ең болмаса, саусағымды қысшы, бір белгі берші.

Мен әлім келгенше қолымның ұшымен белгі бердім.

- Жарайсың, айналайын, жарайсың. Бәрі жақсы. Реанимация бөліміне апарындар.

Дәрігердің әрбір сөзі жадымда, әттең, ертерек аяқта тұрып, ақ Шүкіріме жетсем ғой...

Ақыры соңғы баспалдаққа да аяғым тиді-ау, әйтеуір.

- О, жаратқан, мың да бір шүкір аллаға! Өзімдікі, өзімдікі! Ия, мен сезгенмін ақ Шүкірімнің тап осындай болып дүниенің есігін жарқырап ашқанын. Аппақ балапанымның үрпек шаштарына дейін әкесіне ұқсап алтындаі сап-сары. Ол да мені ынтыға күтіп, әбден сағынған тәрізді.

Енді, енді мен бәріне дайынмын, ешқашан шаршамаймын. Сенің бақытты болашағың үшін барымды саламын, ақ сәбиім менің.

Ақ Шүкіріміз қазір 5-сыныпқа өтті. Ізінен ерген айдай қарындасы бар. Жаратқаннан боталарымыздың ғұмыры ұзақ болғай деп тілейміз.

Көніліме қонақтаған алғашқы тәтті толқу әр кез менің санамда жатталып тұр.

Жаратқанға шүкіршілік етемін.



### **Атадан өнеге**

Бала кезімізде ата-ананың айтқан ескертулеріне көп мән бермесек де, мұқият орындардық. Ендігі жерде атадан қалған, санамызда маржандай тізілген өнеге-өсиетті ұрпаққа жеткізу - парызымыз. Экем әркез аяқиімнің бас жағы, шайнектің шүмелгі, үй сипыратын сипыртқыштың басы құбылаға (құбыла деп күнбатысты айтады) қарап тұру керек деп үйрететін. Сол кезде бұл заттардың барлығы таспих санап тұрады дейтін. Яғни отбасы адамдарының мұддесі, тілегі қабыл болып, игі істерін тәнірі қолдайды. Анам әркез ескертіп отыратын: - Ер адамға аяғынды тигізуге болмайды, - деп. Эйел затының аяғы тиген ер адамның жолы болмайды. Ер азамат - ол әкең, аған, бауырың немесе өмірлік жарың. Бұлардың қай-қайсының да жолы болып, мақсатына жетуін әйел заты қолынан келгенінше қолдайды. Бұдан да басқа адам баласы малға, жан-жануарға, ыдыс-аяққа, кітапқа, дастарқанға басқа да қасиетті заттарға аяқ тигізуге болмайтынын білеміз.

Көп жағдайда адам баласы қолы бос болмаған жағдайда, есікті аяғымен ашып жатқанын байқап қалып жатамыз. Ата-бабаларымыз үй, есік, босаға сияқты қасиетті нәрселерді қастерлей білген. Ертеде үйге келген адамның дос немесе қас екенін үйге келген бойда бақылап білген екен. Егер босағадан аттап өтпей, босағаны аяғымен басып кірсе, жау немесе дүшпан келгенін айтқызбай сезіп білген. Босағаны басып тұруға, есікке аяқ тигізуге, есікке керілуғе болмайтынын біліп отырсақ та кей кезде бұның бәрінен бейхабар балаларымызға уақыт бөліп түсіндіре бермейміз. Сондықтан ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасқа да ой қосқым келеді.

Өмірге келген сәбидің ақ қағаздай бар өмірі алдында. Атанаң қүшімен, ананың сүтімен бойына берілген адами қасиеттері күн санап толығып, інгалаң жерге түскен күнінен бастап әр қадамы жаңа кітапқа мазмұн болады.

Тәй-тәй басып, өмір есігін жаңа ашқан сәбиге күн нұрын төгеді, ана мейірін төгеді, әке қамқор болады. Сәби ұлкен өмірге саяхатын қобалжи бастайды.

Әке отбасы қамымен жүргенде, ана әрдайым сәбиінің жанынан табылады. Перзентінің жарық күні түгіл, түнгі тәтті үйқысын да бағады.

Ата-ана сәбиін қанатын қатайтып, қолынан ұшырғанша, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмайды.

Ата-ана ай мен күндей сәбиін ешкімнен кем қылмай, бала көзіне жас келсе, жанын берердей болады. Сүйікті перзенті үшін өмірдің барлық ғажайыптары құшағын айқара ашса деп тілейді.

Тек ата-ана ғана балаға бақытты ертеғідегідей өмірді тілейді және бар ғұмырын соған арнайды.

Өмірдегі бар әсемдік пен сұлулықты бала бойына сініреді.

Ата-ана неше перзент сүйсе де әр баласын бір төбе деп қарайды. Кейбір жас отбасыларында заман тапшылығынан қорқып, баланың көптігіне үркे қарайды.

Сайып келгенде өсіріп отырған үрпағымыздың абыройлы болуы - өзімізге сын.

Бабадан қалған ұлы сөз ғасырлар бойы тасқа қашап жазғандай үрпақ тәрбиесі үшін маңызды болып қала бермек.

Балғын шағынан балаларымыздың тәрбиесіне ұстаздың да қосар үлесі ерекше.

Сәби жаратылсынан көрсем, білсем деп тұрады. Орнынан қозғалып, еңбектеген сәтінен бастап, ұлкендердің аяғына оратылып, көмекші болуга талпынады. Не нәрсені де көзben көру - аз, қолмен ұстасам дейді.

Баланың ынтасын қайтармай, қолқанат болуын қолдау - бұл да бір көрегендік. Болайын деген баланың ықласы да бөлек болады. Сәбидің әр жетістігіне мактау айтып, қолдан отыру - өзіне деген сенімділігін арттырады.

Ал адамның өз-өзіне сенуі - алға ұмтылдырады. "Сенің қолыңдан келмейді" деп, бірнеше рет қайталау - сенімсіздік кепілі.

Ата-ана сәбиінің қайсыбір қылышын да кешіріммен, мейірмен, ерекше сүйіспеншілікпен қабылдайды. Ана жүрегінің астынан орын алған күннен бастап, оның жүрек соғысы, қымылы мен әрекеті ата-ананың қуанышына айналады. Баланың әрбір қылышы - үлкендердің көзқуанышы.

Баланың сүйікті ойыншығы, сүйкімді үй жануары, сүйікті достары, сүйікті кітaby, сүйікті кейіпкерлері, сүйікті іci - бәрі-бәрі ата-ананың бақылауымен, қамқорлығымен болады.

Ата-ана бір сәтке де көзден таса қылмай, бала ес білгенше әр ісін бақылап, әр қадамына қорған болып отырады. Әр сүйікті ісін қолдап, бала бойындағы тың қасиеттерінің ашылуына ықпал етеді. Әсірсе, ер баланың спорт түрлерімен айналысып, шымыр болып өсуін, қыз баланың би үйірмесіне катысып, мұсінді болып қалыптасуын, қала берді, баланың сүйген, қалаған қай өнеріне де жастайынан қолдау көрсеткен орынды. Өйткені "жігітке жеті өнер де аз" демекші, өнер көптік етпейді.

Кейбір отбасыларында ойын баласына бірнеше тілді қатар үйретіп, одан қалса: - Төмен баға алып, мені басқалардың алдында ұятқа қалдырма, - деп, балалық шағын баланың уайымына айналдырады. Болайын деген баланың ынта-жігері де өзгеше болады. Не жаңалықты да бала өзінің жас ерекшелігіне карай қабылдағаны жақсы. Баланың да өз құқығы, өзінің қызығушылығы бар.



Бақытты балғын шақ көзді ашып-жұмғанша өтеді де кетеді. Сәбидің бала кезінде балалығы да, шалалығы да орынды. Не бір тамаша оқуларды үйренетін сәтті уақыттың болары сөзсіз.

### **Балалық шақ - патшалық шақ**

Бала өміріндегі ең тамаша мерекелер - ол тұған күн және Жаңа жыл мерекелері.

### ***Бақыттың тұған күні***

Бақыт биыл алтыға толды. Ата-анасы ат шаптырып той жасады. Ұлы тойға ұлан ғайыр ел жиналды. Нагашылары Бақытқа жігіт болдың деп тай атады. Апалары мектепке барасың деп барлық оқу құралдары мен қажетті киімдерінің түр-түрін сыйлады. Көкесі азамат болғанда қалаған оқуыңа түсесің деп есеп шот ашқызып, қомақы қаржы салды. Туған күнге келген Бақыттың достары да құр келмеді. Түрлі ойыншықтардан ойын баласының көзі жайнап, көңілі шаттанды. Ақ тілектер айтылып, шатшадыман мереке ән мен күйге ұласты.

Тойдан кейін қуаныштан мәз болған Бақыттан:-Саған қай сыйлығың қатты ұнады?-деп сұрағанда, қолындағы ойыншығын бауырына қысқан ол:-Бәрі жақсы, әсіресе досымның сыйлаған күшігі бәрінен сүйкімді, мен енді оны Ақжол деп атایмын, әрқашан жолым ақ болсын,-депті.



## **Аталардан қалған ұлағатты сөздер балаларымызға әрдайым жолсерік болғай**

Үлкенге жол бер, жолын кесіп өтпе.

Жүріп келе жатқан адам отырган адамға, атты адам жаяуға, аз адам көпке сәлем беруі тиіс.

Мешітке, үйге "ассалаумагаләйкүм" деп кіру керек, кешке "кеш жарық" деп кіруі керек.

Әйел алдында әдепті бол, сыпайы сөйле.

Үйге кісі келсе, орныңнан тұрып, жайдары қарсы ал, киімін іл, төрге шығар.

Дастарқан басында әдемі отыр, әдепті сөйле.

Халқыңың тарихын, дәстүрін, салтын, әдет-тұрпын жадыңа тоқы және оны кейінгілерге үйрет.

Қанша ұлы адам болсаң да халық алдында кіші, әдепті бол.

Көшілеріңмен жылы сәлемдес.

Біреуді жамандама, өзінді жамандаған адаммен дауласпа, жауласпа.

Жолаушыларға, жүргіншіге, сапарға шыққандарға "сапар сәтті болсын" деу керек.(Қайда барасыз?" деуге болмайды).

Шалбарды отырып киу керек.

Алыс сапарға, игілікті іске, емделуге аттанар алдында қариялардың батасын ал.

Үйге, мешітке, қасиетті орындарға оң аяқпен кіру керек.

Кемтар адам алдында дене кемістігі туралы әңгімелеме.

Пейілінді кенге сал. Кешірімді, мейірімді, сыпайы бол.

Байлыққа мақтану - ақылдының ісі емес.

Ата-анаңа әдеппен сөйле, құрметпен қара, айтқанын сөзсіз орында және оларды әулие тұт.

Ата-баба қорымдарына соғып, оларға дұға оқуды ұмытпа.

Біреудің киімін (жақсы болса да) киуге әуестенбе.

Абай өлеңдерін жатта. Абай өлеңі - білім, ғылым, үлгі, өнеге, тәлім-тәрбие, адамдық кілті.

Ата-анаңа, ұстазыңа, жетекшіңе ажырайып қарама, қатты сөйлеме.

Құран, намаз оқылып жатқанда сөйлеме, қозғалма, тұрып кетпе.

Төсеккөрпенің түйіғын ірге жаққа қаратып төсейді.

Жас адамдар үлкендер алдында, үлкендер жастар алдында өздерін әдепті ұстағандары жөн.

Көп ішінде жанындағы адаммен сыйырласып (құпия) сөйлеспе.

Жақсы және жақсылық туралы айтуға әдеттен.

Ақ шашты атаны, ақ жаулықты ананы көрсөн, ізет көрсет.

Жаман адамға да жақсы көзбен қара.

Біреудің намысына тимей сөйле.

Біреудің кемшілігі мен істеген мінін көп алдында айтпа.

Баланы ойынмен, ұлкенді шындықпен женесің.

Тәрбиеліден тәлім, ғалымнан ғибрат, өнерліден өнеге.

### Поэзия елінде



*Поэзиядан әрбір жүрек  
өз дертіне ем табады, түрлі ой  
өз сұрағына жауап алады*

Жабырқаған көңілің көктем болар,  
Кей өлеңде айтқан ой өктем болар.  
Небір сұлу әсемдік шоғырланып,  
Өлең келіп жүректен орын алар!  
Өлеңмен асыл досқа сәлем жолдар,  
Сүйген жүрек сыр айтқанда, тәнір қолдар.  
Жер ана, туған жер, тау мен дала –  
бәрі де өлеңіме арқау болар.



### Шынарыма арнаймын!



Туған күні қызыымның, міне бүгін,  
Жан бар ма еken өзіңе жете тұғын?!

Бақыттымын өзіндей бала сүйген,  
Жарқырай бер, жайнай бер, ерке гүлім!



Туған күні қызыымның,  
Қуанады, күледі.  
Әрқашан да өзіме  
Шабыт беріп жүреді.  
Ерке қызын әuletтің

Бәрі жақсы көреді.  
 Боларыңа ел қызы  
     Ата-анаң сенеді.  
     Фатихаға бергісіз  
     Балдай тәтті тілегі.  
 Бар әлемді сыйғызар  
     Сүттей аппақ жүрегі.



Қандай жақсы тағы бір құн туғаны,  
     Ақ жауынмен ақ жүзінді жуғаны.  
     Ойнақшыған боталардың дауысы  
     Қоныраудай сылдыр қағып тұрғаны.  
     Енді, міне, қызым келді жетіге,  
     Онға толар, алла жазса Шүкір де.  
     Бар арманым қол ұстасқан аққудай  
     Көрсек деймін көгілдірім ескенде:  
     Қыран ұлым көкке самғап ұшқанын,  
     Бұлт шалдырмай ақ арманның аспанын.  
     Ерке гүлім өмірдің ақ жолына  
     Ғұмырлы, ұзак, берік қадам басқанын.



### **Ағаларға арнау**



*Қадірлі Құттыбай агамыздың*

*мерейлі 60 жасына арнау*

Отызда орда бұзар болар жігіт,  
 Үйі емес, ел болып қылар үміт.  
 Ақылмен болар істің басын ұстап,  
 Ойлағаны абырой мен ауызбірлік.  
 Қос отызың құтты болсын, асыл аға,  
 Талай істің ұстадың басын, аға.  
 Салиқалы, салмақты міnezіңмен  
 Жиғаның Фатихалы бата ғана.  
 60 жасқа жеткен де бар, жетпеген де,  
 Жұз болса да, пенделік, «көп» деген бе?  
 Жыл сайын жазғытұрым кездесейік  
 Құстар сайрап, айнала көктегенде.  
 «Орны бөлек, жаны ерек, сенгенім» деп,  
 «Орта жолда жолықсақ та, көргенім» деп.  
 «Шүкірлік бір аллаға табыстырған,  
 Құттыбай – арқа сүйер бір інім!»- деп,  
 Аузынан әкем марқұм тастамайтын.  
 Оң істі осы ағамсыз бастамайтын.  
 Сенетін, інісінің ары таза,  
 Ағаның ақ үмітін ластамайтын!  
 Пах, шіркін! Айта берсең, естелік көп,  
 Тірлікте болған қызық есебі жок.  
 Ағатай, ортамызда жүре берші  
 Ақ баталы қарттардың жалғасы боп.  
 Гүлге толы шаңырағың нұр жайнасын,

Қарлығаштар қыран құспен сөз байлассын.

Тағдырдың бар салмағын бір көтерген

Ақ женгем өзіңменен бір қартайсын!

### Досқа сыр



*...Кейде шабыт келіп, ұйқының ұйқы-тұйқысын  
шыгарып, мазалаған кезде, оны  
қағаз-қаламмен сабасына  
түсіремін.*

Жолдас болдың, қойын дәптер, сен маған,  
Жалғыз саған бар сырымды актарам.  
Ойларымды тізбектеймін өлеңмен,  
Адалдықты бір өзіңnen көрем мен.

Мөлдіреген тұнығында жүзінің  
Теренінде не жатқанын білмеймін.  
Мейлі жақсы, жаман ойла - бәрібір  
Жамандықты қаперіме ілмеймін.  
Өйткені мен аспандағы күндеймін,  
Адамзаттың барлығына бірдеймін.  
Елемеймін кейбір кемшіліктерін,  
Тырнақ асты кір ізделеп те жүрмеймін.

### Достарға арнаймын



Мен жүрген ортада:  
Біреуі ақ жарқын  
Көңілмен күліп жүр.  
Біреуі менсінбей  
Қабағын түйіп жүр.  
Ал енді біреуі -  
Байқайын соңын деп,

Сыртымнан бақылап,  
Ішінен тұнып жүр.  
Мейлі олар дос болсын,  
Сыншы әлде қас болсын.  
Тыныш боп от бас,  
Басына бақ қонсын!  
Өйткені солармен  
Талпынам өмірге.  
Бір-жар күн көрмесем,  
Сағынам бәрін де.

1998 жыл

---

Мөлдіреген тұнығында жүзінің  
Теренінде не жатқанын білмеймін.  
Мейлі жақсы, жаман ойла - бәрібір  
Жамандықты қаперіме ілмеймін.  
Өйткені мен аспандағы күндеймін,  
Адамзаттың барлығына бірдеймін.  
Елемеймін кейбір кемшіліктерін,  
Тырнақ асты кір ізделе те жүрмеймін.

---

Қайран өмір зымырап бір барады,  
Сусылдаған құм сағаттай ағады.  
Балғын шақта баспай тұғын тасбака,  
Отыздан соң құс боп ұшып қанатын  
Бір сермейді, жар басына шығасың,  
Азамат боп қалғаныңды ұғасың.  
Айдынында самғай алсаң аспанын,  
Отзызында ордабасы боларсың.  
Қонақтайсың жұлдыздардан жұлдызға,  
"Шолпаныңды" дұрыс таба аласың.  
Жетегінде кетсең егер ездердің,  
Жер бетіне "Есекқырған" боласың.  
Адастырып талай жүртты жүргенде,  
Есенгіреп қалғаныңды ұғасың.  
Қайта самғар күш таппасаң бойынан,  
Корқау тартып арман-қиял, ойынан,  
Тасбака боп кері қайта жылжисың  
Орын ізделе қара жердің ойынан.

\*

Ерте келіп теңізге,  
 Бекіреге ау салдым.  
 Ең болмаса ойнақшып  
 Шабақ түссе қуандым.  
 Қанағат пен сабырды  
 Ұтып алдым «бәйгеден»,  
 У құйса да тағдырым.  
 Жұтып алдым жайменен.  
 Тұнде жасқа шомылсам,  
 Күндіз басқа болдым мен.  
 Уайымның пердесін  
 Түріп тастап қолыммен.  
 Шүкір, жұмбақ тағдырым  
 Ойнамады жасыммен.  
 Базарына бақыттың  
 Қойып кеттім басыммен.  
 «Шыдадың» деп басыма  
 Хақтың берген бағы ма?..  
 Θз бақыттың қолымда –  
 Дәлелдедім тағы да.



### Мен сені сүйемін!



*Аялы көздеріңмен алаңдай қарап:*

- *Жаным, сен мені сүйесің бе? -  
деп сүрадың.*
- *«Аяулы азаматым менің,*

*Мен сені сүйемін!» - деп,  
Өзіңе үнсіз қарадым.*

Мен сені сүйемін!

Даладай дархан жүргегің үшін,  
Ақ адап жарқын тілегің үшін.

Баладай таза пейілің үшін,  
Атадай қамқор мейірің үшін.

Мен сені сүйемін!

Шуағын шашқан құндерім үшін,  
Ләzzатын татқан тұндерім үшін.

Сезімге толы көздерің үшін,  
Тілдеуге саран сөздерің үшін.

Мен сені сүйемін!

Жаратқан ием кеңшілігімен  
Қос сәби сенен сүйгенім үшін.  
Бар қате, құна, кемшілігіммен  
Бәрінен артық көргенің үшін.

Мен сені сүйемін!

---

Кейде толқып жүрегім,  
Кен далаға сыймайды.  
Көніл шіркін қиялмен  
Дала гүлін жинайды.

Мейлі, дос па, дұшпан ба?

Бәрібір оған қандай-ды,  
Аямай шаттық гүлдерін  
Бәріне бірдей сыйлайды.

Түкпіріне жүректің  
Сезім гүлін жинайды.

Бір өзіңе сол гүлді  
Жүрегімен сыйлайды.

---

Бір ұста бар –  
Өз ісінің шебері,

Өйткені аллаға сенеді.  
 Алланың жолымен жүреді.  
 Қолдан жасап бақтын,  
 Қызығын да өзі көреді.

Бір ұста бар –  
 Тасып тұрса да өнері,  
 Азғырғанға ереді.  
 Алдындағы асылын  
 Арам десе, сенеді.  
 Құдайдың сыйын бөтенге  
 Өз қолымен береді.



Сұрап едің келді,  
 Бергені еріп келді.  
 Қанағат бәрін женді.  
 Байқамап ең, келді,  
 Нәқақ ақыл берді,  
 Санаң соған көнді.  
 Енді дүшпан женді.  
 Ол не?



– Берді маған құдай, - деп  
 Мақтанып ең талайға.  
 Көмегісіз-ақ ешкімнің,  
 Жоғалтып алма, абайла.  
 Эрең жеткен табысты  
 Ұстап тұру оңай ма?  
 Бүтінделген жыртығың  
 Мақтануға жарай ма?  
 Дүниенің кілтін тапсан да,  
 Алды-артыңа қарайла.  
 Бергенін кері қайтару,  
 Түк тұрмайды құдайға.



### **Серікқали азаматқа арнау**

Көк тасы Самарқанның жусарғанда,  
 Табиғат қайта тұлеп, жаңарады.  
 Әр жылы сәуір айы басталғанда,  
 Өзінді сағынғандар жиналады.

Жер Ана тоңы жібіп, жұмсарғанда,  
 Тіршілік бүршік атып, бусанғанда.  
 Шіркін-ай, сенің анаң Жер Аnamен  
 Көктемде қатар жүріп босанған ба?!

Бәйек боп барлығы үшін жүруші едің,  
 Жүректен ысырып сап қалың ойды.  
 Жыл құсы қайта келіп қуантқандай,  
 Жүруші ең жалындағы жиын-тойды.

Бұгін де жүрер ме едің , азаматым,  
 55 көктеміңің сәні болып.  
 Қайтейін, қапыда тек кете бардың,  
 Оралмас көктемімнің әні болып.

Өзіңнің көзің болған қос жүрегің  
 Бұгінде баталы елге бала болды.

Біреуі күйеу болып, келін алдық,

Біреуі өріс жаяр елге барды.

Дастарқан шалқасынан жайылғанда,

Тойына боталардың жиылғанда,

Төрінен отауынның қарап тұрдың

Қайтейін, солай тұру бұйырған да...

Әйтсе де сен мен үшін қасымдасың,

Әрдайым ойымдасың, басымдасың.

Мен емес, тіпті осынау елің үшін,

Қашан да ортамызда, осындасың.

«Сәке!» деп кейде өзінмен тілдесемін,

«Әке!» деп ұл-қызың да сөйлеседі.

Бұйыртса, күні ертең-ақ немерен де

Күбірлеп, «менің атам!» деп жүреді.

Осылар аман жүрсе, мен де бармын,

Ұрпағы таз ұрудың жалғасады.

Ошағы тұтеп тұрса отауынның ,

Өзінді жоқ деп кімдер айта алады?!

Әр жылы көктем қайта оралады,

Табиғат қайта тұлеп, жаңарады.

Әр жылы сәуір айы басталғанда,  
Өзінді іздегендер жиналады.



## Жаңа өлеңдер

### Өрлеу салған сара жол



Ұстаздардың білім жолын ұштаған,  
Алтын ғасыр заманына бастаған.  
Құтты болсын, замандастар, бүгінгі  
Қадамдарың «Өрлеуге» деп бастаған!

Алдыңыздан қарсы алады ескі үй,  
Бірақ, достым, бір нәрсені ойға түй –  
Осы жерде үйретеді жақсыға,  
Осы жерде көтеріңкі көңіл күй.

Себеп – сізге жаңа ілім береді,  
Кейде жылап, кейде құлқің келеді.  
Студенттік жастық шақтың күндері  
Қайта оралып, жаңа белгі береді.

Тренерлер әр кез түзу тілегі

Сізбен бірге бар сынаққа көнеді.

Емтиханнан өткен хабар келгенде,

Сізден бетер қуанады жүрегі.

Выготский, Шульман және Пажарес,

Стернберг пен Мерсер және Пиаже,

Флейвел мен Александер, Маслоу,

Чиксентмихай, Барнес және Литолтон...

- Бәрі, бәрі жолдас болар сіздермен,

Кірпік қақпай, талай ұзақ тұндермен

Қалай оқу керектігін үйрену –

Басты мақсат курстағы көзделген.

Өзін-өзі реттеу мен бағалау,

Сыни ойлап, бала жасын саралау.

Таланты мен дарыны бар баланы

Талаптанып, өсуі үшін даралау.

Ең ақыры – көшбасшы боп шығасыз,

Дер кезінде келгенінді ұғасыз.

Отыз пайыз – тұқ те емес, бастысы,

Сенімі мол, дара тұлға боласыз.

25 ақпан 2013жыл



Оқудың тәсілдері көп-ақ екен,  
 Үйренсең бәрі керек болады екен.  
 Үздігін таңдап біліп, менгерген жан -  
 Сол ғана нақ көшбасшы болады екен.  
 Жан-жақтан жаңалыққа құлаш ұрдық,  
 Бала-шаға, үй қамын ойлап тұрдық.  
 Атырауда аспаннан нұр жауып тұрды,  
 Көңілде түсініксіз күдік болды.

Табиғат күзден белгі беріп тұрды,  
 Ұстазым дос болуга ерік берді.  
 Шуақ боп күндей нұрын төгіп тұрды,  
 Көңілге көктем гүлін егіп берді.

Жаңаға құмар жандар көп-ақ екен,  
 Сыни ойлап, сырластық балаға тең.  
 Тәсілін жаңа оқудың білген сайын  
 Көңілің қуанышқа толады екен.

Пажарес сыйбаларын ойға түйдік,  
 Шульман көмекшілерімен жолдас болдық.  
 Блум таксаномиясын қолға алып,  
 Сыни ойлап, сабаққа жоспар құрдық.

Оқудың жаңа әдіс-тәсілдері

Құстай қанат, шәкіртке талап берді.

Тіреліп тығырыққа жол іздеген

Ұстазға тың ой сыйласап, шабыт берді.

Қадірлі замандас, осы топтамадан оқығандарының көкірегінізге қылаудай қуаныш сыйласа, мен мұратыма бір қадам жақындағым деп есептеймін. Алланың нұры жаусын сізге!